

Сәкен Майғазиев



- ▶ Сәкен Қордабайұлы Майғазиев (1975 жылы 1 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында туған) — қазақстандық әнші, МузАРТ ансамблынің солисті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2013). "ДАРЫН" мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.



- ▶ Сәкен алты ұл мен төрт қызды дүниеге әкелген Қордабай Майғазыұлы мен Ұлтай Мырзамбекқызы отбасында тоғызыншы болып туған. 1993 ж. Ж. Елебеков атындағы Республикалық эстрада – цирк колледжіне түсіп, «соқпалы аспаптар және эстрада әншісі» бөлімі бойынша К. Бектаев пен Л. Кесоглудан сабақ алды. 1997ж. Т. Жүргенов атындағы «Өнер» академиясының «эстрада әншісі» бөлімі бойынша Л. Түлешовадан білім алды.
- ▶ 2001 ж. бастап МузАРТ тобының мүшесі болып тағайындалды.[1] 2012 ж. бері - Ж. Елебеков атындағы Эстрада және цирк колледжінде ұстаз.



Шығармашылығы

- ▶ Өнші 2009 ж. Екі жұлдыз жобасында актриса Әйгерім Жаңылбаевамен бірге қатысып, бағдарламаның келесі маусымында жүргізуші қызметін атқарған. 2014 ж. Хабар арнасындағы "Жаңа күн" ақпараттық-сазды бағдарламасының жүргізушісі. Сонымен қатар «Әйгөлек» балалар байқауында жас таланттарға қолдау көрсетіп, сахнада олармен бірге дуэт дайындауға ат салысып жүрген жұлдыздардың бірі.



МузАРТ

- ▶ Топ алғаш құрылғанда құрамында үш әнші өнер көрсетсе, қазіргі уақытта ВИА сегіз мүшеден тұрады: Мейрамбек Бесбаев, Сәкен Майғазиев, Кенжебек Жанәбілев, Ғалымжан Артықбаев, Ерлан Құлахметов, Бексұлтан Арман, Ерік Жасақбаев. Сонымен қатар, топтың құрамында Мақсат Базарбаев және Болат Жолдасовтар өнер көрсетті. Топ құрылғалы бері топтың арт-директоры қызметін Ерлан Жүнісбай, музыкалық продюсері қызметін Бексұлтан Арман атқарып келеді.



Марапаттары

- ▶ 1996 ж. Тараз қаласында өткен Ш. Қалдаяқов атындағы Халықаралық фестивальдің дипломанты.
- ▶ 1997 ж. Республикалық Жас қанат байқауының «Алтын домбыра» иегері.
- ▶ 1998 ж. Алматы – 98 фестивалінің 1–ші орын иегері
- ▶ 1998 ж. "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.[2]
- ▶ 2010 ж. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.
- ▶ 2010 ж. Шымкенттегі жұлдыздар аллеясындағы жеке жұлдызы.
- ▶ 2012 ж. «Д.Қонаевқа – 100 жыл» медалі
- ▶ 2013 ж. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
- ▶ 2016 жылы "Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл" медалімен марапатталды.

Сәкен
МАЙҒАЗИЕВ

